# Дәріс 8

# ХАЖ - 10 бойынша психикалық аурулардың жіктелуі. Маниакалды-депрессивті психоз.

PhD Камзанова А.Т.

# ПСИХИКАЛЫҚ АУРУЛАРДЫҢ ХАЖ-10 (МКБ-10) БОЙЫНША ЖІКТЕЛУІ

F00-F09 Органикалық, соның ішінде симптоматикалық, психикалық бұзылыстар

F00 Альцгеймер ауруы кезіндегі деменция
F01 Қантамырлық деменция
F02* басқа аурулар кезіндегі деменция, басқа бөлімдерде жіктелген.
F03 Анықталмаған деменция
F04 Алкогольмен және басқа психоактивті заттардың қатысынсыз шақырылған, органикалық амнестикалық синдром.
F05 Алкогольмен және басқа психоактивті заттардың қатысынсыз шақырылған делирий
F06 Бас миының дисфункциясы немесе соматикалық аурумен байланысты басқа психикалық аурулар.
F07 Бас миының дисфункциясы немесе зақымдалуымен байланысты тұлғалық бұзылыстар.
F09 Анықталмаған органикалық немесе симптоматикалық психикалық бұзылыс
F10-F19 Психоактивті заттарды қолданумен байланысты психикалық бұзылыстар және өзін өзі ұстау бұзылыстары.

F10 Алкоголь қабылдаумен байланысты, психикалық және өзін өзі ұстау бұзылыстары
F11 Опиоидтерді қабылдаумен байланысты психикалық және өзін өзі ұстау бұзылыстары
F12 Каннабиоидтерді қабылдаумен байланысты, психикалық және өзін өзі ұстау бұзылыстары
F13 Седативті немесе ұйықтататын заттарды қабылдаумен байланысты психикалық және өзін өзі ұстау бұзылыстары
F14 Кокаин қабылдаумен байланысты, психикалық және өзін өзі ұстау бұзылыстары
F15 Басқа стимуляторларды қабылдаумен байланысты (кофеин қосқанда), психикалық және өзін өзі ұстау бұзылыстары
F16 Галлюциногендерді қабылдаумен байланысты, психикалық және өзін өзі ұстау бұзылыстары
F17 Табак өнімдерін қолданумен байланысты, психикалық және өзін өзі ұстау бұзылыстары
F18 Ұшқыш еріткіштерді қолданумен байланысты, психикалық және өзін өзі ұстау бұзылыстары
F19 Бірнеше нарктоикалық заттарды немесе басқа психоактивті заттарды қабылдаумен байланысты психикалық және өзін өзі ұстау бұзылыстары.
F20-F29 Шизофрения, шизотипті және сандырақтық бұзылыстар

F20 Шизофрения
F21 Шизотипті бұзылыстар
F22 Созылмалы сандырақтық бұзылыстар
F23 Жедел және өтпелі психотикалық бұзылыстар
F24 Индуцирленген сандырақтық бұзылыстар
F25 Шизоаффективті бұзылыстар
F28 Басқа органикалық емес психотикалық бұзылыстар
F29 Органикалық емес психоз, анықталмаған.
F30-F39 Көңіл күй бұзылыстары [аффективті бұзылыстар]

# ПСИХИКАЛЫҚ АУРУЛАРДЫҢ ХАЖ-10 (МКБ-10) БОЙЫНША ЖІКТЕЛУІ

F30 Маниакалды эпизод
F31 Биполярлы аффективті бұзылыс
F32 Депрессивті эпизод
F33 Рекуррентті депрессивті бұзылыс
F34 Көңіл күйдің тұрақты бұзылысы (аффективті бұзылыс)
F38 Көңіл күйдің басқа бұзылыстары (аффективті)
F39 Көңіл күй бұзылысы [аффективті] анықталмаған
F40-F48 Стресспен байланысты, невротикалық және соматоформалық бұзылыстар

F40 Фобиялы қорқынышты бұзылыстар
F41 Басқа қорқыныш бұзылыстары
F42 Обсессивті-компульсивті бұзылыстар
F43 Ауыр стресске реакция және адаптация бұзылысы
F44 Диссоциативті [конверсионды] бұзылыстар
F45 Соматоформалы бұзылыстар
F48 Басқа невротикалық бұзылыстар
F50-F59 Физиологиялық бұзылыстармен және физикалық факторлармен байланысты өзін өзі ұстау синдромы

F50 Тағам қабылдау бұзылысы
F51 Органикалық емес этиологиялы ұйқы бұзылысы
F52 Органикалық бұзылыстармен немесе аурулармен байланысты емес сексуальды дисфункция
F53 Босанудан кейінгі периодтағы, психикалық және өзін өзі ұстау бұзылыстары, басқа бөлімге жатпайтын.
F54 Аурулармен байланысты психологиялық және өзін өзі ұстау факторлары, басқа бөлімге жіктелген.
F55 Тәуелділік шақырмайтын заттарды шектен тыс қолдану.
F59 Физиологиялық бұзылыстармен және физикалық факторлармен байланысты, өзін өзі ұстау синдромы, анықталмаған.
F60-F69 Егде жастағы тұлғалық және өзін өзі ұстау бұзылыстары.

# ПСИХИКАЛЫҚ АУРУЛАРДЫҢ ХАЖ-10 (МКБ-10) БОЙЫНША ЖІКТЕЛУІ

F60 Тұлғалық спецификалық бұзылыстар

F61 Аралас және басқа да тұлғалық бұзылыстар

F62 Бас миының аурумен немесе зақымдалумен байланысты емес, тұрақты тұлғалық өзгерістер.

F63 Әдет және әуестік бұзылыстары

F64 Жыныстық идентификация бұзылысы

F65 Сексуальды талғам бұзылысы

F66 Жыныстық даму және ориентациямен байланысты психологиялық және өзін өзі ұстау бұзылыстары.

F68 Ересек жастағы басқа тұлғалық бұзылыстар.

F69 Ересек жастағы анықталмаған тұлғалық бұзылыстар.

F70-F79 Ақыл есінің артта қалуы

F70 Жеңіл түрдегі ақыл естің артта қалуы

F71 Шамалы ақыл естің артта қалуы

F72 Ауыр ақыл есің артта қалуы

F73 Терең ақыл естің артта қалуы

F78 Ақыл естің артта қалуының басқа формалары

F79 Ақыл естің артта қалуының анықталмаған түрі

F80-F89 Психологиялық даму бұзылысы

# ПСИХИКАЛЫҚ АУРУЛАРДЫҢ ХАЖ-10 (МКБ-10) БОЙЫНША ЖІКТЕЛУІ

F80 Сөйлеу және тілдің спецификалық бұзылыстары

F81 Оқу дағдыларының спецификалық бұзылыстары

F82 Моторлық функция дамуының спецификалық бұзылыстары

F83 Психологиялық дамудың аралас спецификалық бұзылыстары

F84 Психиологиялық дамудың жалпы бұзылыстары

F88 Психологиялық дамудың басқа бұзылыстары

F89 Психологиялық даму бұзылысы анықталмаған

F90-F98 Балалық және жасөспірімдік шақта дамитын эмоционалды бұзылыстар.

F90 Гиперкинетикалық бұзылыстар

F91 Өзін өзі ұстау бұзылысы

F92 Өзін өзі ұстау және эмоция аралас бұзылыстары

F93 Балалық жасқа спецификалық болып келеін, эмоциялық бұзылыстар

F94 Балалық және жасөспірімдік кезге тән, әлеуметтік функциялану бұзылысы

F95 Тики

F98 Балалық және жасөспірімдік кезде басталатын басқа эмоционалды бұзылыстар

F99 Анықталмаған психикалық бұзылыстар

# МДП

салыстырмалы түрде кеш басталады. Науқастанғандардың орта жасы 35 – 40 жас. МДП әйелдер жиі шалдығады. МДП–ң таралуы 5000 –10000 тұрғынға шаққанда 1 науқасты құрайды. Бұл дерт көзге көрінбейтін себептерден немесе қандай да бір зиянды фактордың әсерінен кейін дамуы мүмкін.

# Депрессивті күй

- Депрессивті күйдің дамуы алғашында физикалық бұзылыстар басымдылығымен, содан соң психикалық бұзылыстардың да көрінуімен жалпы дискомфорт сезімінен басталады. Содан соң жүрек аймағында, көкірек тұсында физикалық мұң сезімімен төмен көңіл – күй дамиды. Бұл сезімдер науқастармен басу, қысым, ауру сезімі ретінде суреттеледі. Кейде өздерінің эмоциялық бұлыстарын сезімсіздік күйі ретінде түсінеді. Сонымен қатар олар ойлау қабілетінің баяулағандығын, Науқастардың бет ажары мұңлы, қозғалыстары мен сөзі баяуланған.

- Депрессивті күйлер басқа да психопатологиялық өзгерістермен қатар жүреді.Өз өміріндегі жеке жағдайлар мен ұсақ тірліктерді олар өзін - өзі кінәлау және өзін-өзі кемсіту идеяларын құруға қолданады. Мұндай идеялар аса бағалы, сондай – ақ сандырақ сипатын да алуы мүмкін. Науқастардың ойынша, олар өзінің жасаған қылмысы үшін сот алдында жауап беру керектігін айтады және өте қатал жаза қолдану қажет деп есептейді. Науқастардың күйінде айқын тәуліктік тербелістер байқалады. Кешкі мезгілде таңертеңгі уақытпен салыстырғанда олар жеңілдік сезінеді. Депрессивті күйлер соматовегетативті бұзылыстармен қатар жүреді:
  іш қатулар, шырышты қабаттардың құрғауы, тәбет бұзылыстары және т.б.

- Анестетикалық депрессивтегі күйдегі науқастар өздерінің сезімсіздігіне шағымданады, олардың айтуынша өзге адамдардың сезімдері қызықтырмайды, қоршаған өмірде болып жатқан жайттар оларда қуаныш та, реніш те тудырмайды, науқастар «жаным жоқ» немесе жүрегім «мұз тәрізді суық» деп есептейді.Мұндай жағдайда науқастар өз күйлеріне қатты күйзеледі. Науқастар өзінде қандай болмасын сезім тудыру үшін өз денесіне терең тілімдер немесе басқа да зақымдар жасауы мүмкін.

# Маниакалды күй

- Мұндай күйдегі науқастар ерекше ішкі шабытты сезінеді, олар көңілді, жиі күледі, күшті тәбеттерімен ерекшеленеді, аз ұйықтайды, тәулігіне 5 – 6 сағат ұйықтаса да өзін сергек, қуатты сезінеді.
Науқастарда маниакальды күй белгілер триадасымен сипатталады: көтеріңкі көңіл – күй, ойлау үрдісінің жылдамдаған ағымымен, қимыл – қозғалыстық белсенділіктің артуы. Науқастар әр нәрсеге кірісіп кетеді, түрлі жоспарлар құрады.
Айқын байқалатын маниакальды күйлерде аса алаңдағыштық әсерінен олардың әрекеттерінің мақсаттылығы жоғалады, қимылдық қозу күшейе түседі. Бұл жағдайда науқастар өздерін жоғары бағалайды. Өздерінің керемет қабілеттілігі, дарындылығын жариялайды.